

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

Эпидемиология және коммуналды гигиена кафедрасы

Сөзж

Косметикалық кабинеттердің құрылымына және жұмысына қойылатын гигиеналық талаптары

Орындаған: Тлеу А, Тналиева А

Әлібек М, Серік Г

4001 мпі

Қабылдаған: Токтибаева Г.Ж.

Қарағанды 2016

Жоспар

- ▶ Кіріспе
- ▶ Негізгі бөлім
- ▶ Қорытынды
- ▶ Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

Косметология, косметика (гр.kosmetike - әдемілеу өнері және logos ілім) клиникалық медицинаның бір саласы. Косметология теріні күту, адамның сыртқы келбетін әсемдеу, әртүрлі аурулардың әсерінен және туа біткен немесе жас өзгерісіне байланысты пайда болған ақауларды жасыру, емдеу әдістерін зерттеумен айналысады.

Негізгі бөлім

Косметика кабинеттері, әдетте қонақ үйі, шаштаразы, монша тұрмыстық үйі, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттары сияқты кәсіпорындарда орналасады.

Косметика кабинеттерінде келесі косметикалық процедураларын жасауына рұқсат етіледі:

- бетке және мойынға гигиеналық массаж жасауға;
- тері ауруларымен асқынбаған, адамның бетін гигиеналық тазалау;
- қасты және кірпіктерді бояу, жасанды кірпіктерді жапсыру;
- грим;
- маникюр, педикюр

Рұқсат етілмейді:

- ▶ Тері аурулары емдеу және косметикалық кемшіліктерін жою бойынша емдеу
- ▶ Косметикалық процедураларын жүргізуге рұқсат етілмейді (угри, бастың шашты бөлімі мен бет терінің себореясы, терінің пигментациясының бұзылуы хлоазма, секпілденуі(веснушка), гипертрихоз т.б. аурулар).

Косметикалық кабинеттері

- ▶ Косметикалық кабинеттері құрғақ, жарық келетін жақсы желденетін бөлмелерде орналасып, қызмет көрсетуші мекемелерінің басқа бөлмелерінен оқшаулы болуы қажет.
- ▶ Косметикалық кабинеттің ауданы бір жұмыс орнына 8 кв.м есебімен белгіленеді. Бір жұмыстық кресло орнында кабинеттің ауданы 15 кв.м кем болмауы керек.
- ▶ Барлық бөлмелердің қабырғалары мен төбелері штукатурланып, соңынан әктелуі қажет. Кабинеттің жұмыс залының іргелері биіктігі ең кемінде 1.8 м майлы бояумен немесе басқа суға төзімді бояумен боялуы қажет. Түс қағаздармен іргелерді безендіруге рұқсат етілмейді.
- ▶ Стерилизациялық және қосалқы бөлмелердің іргелері 1,5-1,8 м биіктікте майлы бояулармен боялуы немесе плиткалармен қапталуы қажет. Косметикалық кабинеттердің едендері тегіс болып, сумен жууға жарамды болуы керек.



№	Үй-жайлардың атауы	1 жұмыс орнына белгіленген аудан, м2	Ескертпе
1	Келушілерге арналған үй-жайлар: - күту залы - киім ілетін орын	3,0-ден 10 жұмыс орнына дейін 1,5 – әрқайсысына 0,3	күту залы мен киім ілетін орын ауданы 6 м2 кем емес
2	Шаштараз залы: шаштараз қызметшісінің әмбебап жұмыс орны	7,0	Бір орындық шаштараз үшін 1 жұмыс орны 15,0-ден кем емес
3	Косметикалық кабинет	р жұмыс орнына 8,0 бірақ 12,0-ден кем емес	
4	Маникюрлік кабинет	6,0	йелдер залында маникюрлік үстелді орналастыру – қосымша 6,0 м2
5	Педикюрлік кабинет	8,0	
6	Косметологиялық кабинет	р жұмыс орнына 8,0 бірақ 12,0-ден кем емес	
7	Массаж (массаж, сылап-сипау) кабинеті	9,0	
8	Жұмыстарын жасауға арналған үй-жай	8,0	Қосымша жұмыс орнына 4,0 м2
9	Кір жуатын орын	9,0-дан жоғары (жуғыш машиналарының типін есепке алғанда)	Орталықтандырылған кір жуғанда қарастырылмайды
10	Тамақ қабылдау және демалу орны	6,0	
11	Қосалқы үй-жайлар: - бзелдер жиынтығын сақтайтын орын; - Жинау құралдары мен алынған шаштарды сақтайтын орын	6,0 2,0	
12	Парфюмерлі- косметикалық өнімдерді, залалсыздандырғыш, жуғыш заттарды сақтайтын орын	4,0	
13	Мед.қалдықтарды уақытша сақтайтын орын	4,0	
14	Зарарсыздандыру орны	8,0	
15	Киім ілетін орын	1 жұмыс орнына 0,3 м2	

Шаштараздар және косметологиялық кабинеттердің негізгі және қосалқы үй-жайларының жасанды жарықтандыру деңгейі

№	Үй-жайдың аты	Жасанды жарықтандыру
		Жалпы жарықтандыру жүйесінен жұмыс беткейінің жарықтандыруы, лк
1	Косметологиялық және косметикалық кабинеттер	500
2	Маникюрлік және педикюрлік кабинеттер	500
3	Шаштараз залдары	400
4	Персоналдың демалу бөлмесі	200
5	Келушілерге арналған бөлме	200



№	Косметологиялық рәсімдердің аталуы	Термин анықтамасы
1	Биодепиляция	Биологиялық белсенді заттарды қолдана отырып шашты алып тастау (жасанды және табиғи смола мен воск)
2	Броссаж	Аппаратты пилингтің бір түрі, айналатын қылшықтар көмегімен жұмыс істейді
3	Вакуумды массаж	Аспапты уқалау теріс барометрлік қысымның дененің белгілі бір жеріне насадқадағы ауаның дозалық әсер етуінен болатын уқалау
4	Вакуум-спрей	Теріні аспапты тазалау, теріге су немесе арнайы косметикалық өнімнің (тоник, лосьон) тамшылату немесе қысыммен дозалық жаңбырлату рәсімі
5	Вапоризация	Броссаж немесе масканы қолданар алдын теріні аспапты булау рәсімі. Тәжірибелік жұмыс барысында суық немесе ауыспалы температурадағы 40-500С, озонды немесе ионды бу қолданылады.
6	Дірілмассаж	Аспапты уқалау, механикалық діріл 10-нан 250 Гц жиілігінде іске асырылады
7	Депиляция	Шаш терісіне зақым келтірмей шашты алып тастау, шаштың өсуі тоқталмайды
8	Дермобразия немесе ротациондық шлифовка	Эпидермис қабатын терінің мүйізді қабатына дейін алып тастау, арнайы аспап арқылы
9	Детатуаж	Терідегі татуировканы шлифовка әдісімен алып тастау (дермобразия)
10	Инъекциялық және имплантациялық терапия – диспорт, мезотерапия т.б.	Теріге әртүрлі бөгде заттар мен препараттарды (А типтік ботулиндік токсин, полиметилметакрилат қоспасы бар коллаген, акрилді гидрогелі қосылған гиалуриндік қышқылдар т.б) инъекциялық имплантациялық түрде енгізу, майда әжімдерді емдеу тыртықты түзелту, еріннің пішінін үлкейту және т.б. мақсаттарда пайдаланады

11	Криомассаж	Азот ерітіндісіне батырылған аппликатор көмегімен теріні уқалау
12	Криотерапия	Емдеу әдісінің жалпы атауы, мұздатылған тіндерге төмен температураны қолдану мақсатында негізделген. Криотерапияға азот ерітіндісін (жиі) немесе көмірқышқыл қар (анда-санда) қолданады.
13	Маска	Терінің ластануында тазалау, қартаюдан, бөртпелерден, гиперпигменттерден алдын алу және емдеу мақсатында қолданылатын рәсім. Масканың құрамына байланысты қабынуға қарсы, жұмсартатын, ағартатын, құрғататын қасиеті болады. Терінің тургорын жоғарылатады.
14	Массаж (массаж немесе сылап-сипау)	Емдік, алдын алу шаралары ретінде арнайы аспаппен немесе қолмен белгілі бір жердегі теріге механикалық дозалық әсер ету рәсімі.
15	Микродермобразия	Пилинг және терінің шлифовкасын жүргізу үшін қолданылады. Теріге ұсақ абразивтік бөлшектерді (алюминий гидроқышқылдары) қысыммен жіберу, эпидермальді тіндерді вакуумдық жүйемен бір мезгілде сору рәсімі.
16	Миолифтинг	Терінің қартаюын алдын алу, емдеу әдістері. Консервативті ем қабылдау жолымен (сылап-сипау, миостимуляция және т.б.)
17	Парафинотерапия	Ерітілген немесе жылытылған күйдегі тазартылған ақ парафинді қолдану арқылы жылумен емдеу түрі. Маска түрінде пайдалынады.
18	Пилинг	Терінің өлген клеткаларын ультрадыбыс, лазер сәулесі, химиялық заттар арқылы немесе механикалық жолмен кетіру.

19	Пирсинг	Дененің әр тұсындағы теріні тесіп, тесікке әртүрлі әшекейлерді тағу.
20	Татуаж	Теріні шанши тесіп, оған бояу жіберу арқылы адам терісіне өрнек пен сурет салу.
21	Тонизация	Теріні тазалауға, сылап-сипауға, вапоризацияға әртүрлі косметикалық өнімдермен алдын ала өңдеу рәсімі.
22	Бетті тазалау	Бет терісін қолмен немесе аспапты жолмен бөртпелерден т.б. ақаулардан тазалау.
23	Электрокоагуляция және электроэксцизия	Электрлік тоқпен тіндерлі күйдіру. Бұл мақсатта тұрақты тоқ (гальванокаустика), жоғары жиіліктегі тоқ (диатермокоагуляция, дарсонвализация, УВЧ-Бревиллюкс-терапия).
24	Эпиляция	Арнайы тәсілдерді қолдану арқылы теріні жасанды алу. Нәтижесінде шаш өсуі тоқтатылады. Аппараттық жолмен орындалуы мүмкін (электроэпиляция).
25	Аэроионотерапия	Физиотерапиялық рәсім. Униполярлы зақымданған жасанды немесе табиғи аэроиондар негізгі әсер етуші фактор ретінде қолданылады.
26	Гальванизация	Физиотерапиялық рәсім. Адам ағзасына тұрақты кіші жиіліктегі электрлік тоқтың (50 мА дейін) және төмен қуаттылықтың (30-80 В) денеге қондырылған электродтар арқылы әсер етуі.

		жиіліктегі электромагниттік өріс арқылы денеге қондырылған өрттің иінінді және мөлшерлі электродтардың әсер етуі.
28	Дезинкрустация	Гальванизация тәсілі арқылы теріні аспапты тазалау рәсімі. Бұл жағдайда пациент оң зарядты электродты қолына ұстайды, ал жұмыс арнайы ерітіндіге батырылған дезинкрустант, теріс зарядталған электрод арқылы жүзеге асады.
29	Интерференцтерапия	Бұлшықет тініне арналған аспапты укалау рәсімі. Бір бірін интерференциялайтын, екі синусоидты тоқ арқылы тін аралығында жаңа орта және төмен жиіліктегі ауыспалы тоқтардың пайда болуы. Біріншілікті тоқтың жиілігі өзгеріссіз 3000-5000 Гц, ал екіншілікті жиілік 120-200 Гц аралығында реттеледі.
30	Ионизация	Тіндерде оң және теріс иондардың, электрлік нейтралды атомдар мен молекулалардан бос электрондардың ада денесіне қойғанда түзілуі. Ионофорез кезінде қолданылады.
31	Ионофорез	Физиотерапиялық рәсім. Дәрілік және косметикалық заттарды жарақатталмаған тері мен шырыш қабатына енгізу. Терісполярлы заттар катод арқылы, ал оң полярлы заттар анод арқылы енгізіледі.
32	Лазерлік терапия	Аспапты рәсім, тінді лазерлік сәулелендіруге негізделген. Лазерлік сәуленің интенсивтігіне байланысты стимуляциялаушы, деструктивті, коагуляциялаушы және т.б. эффекттер пайдаланылады.
33	Лимфодренаж	Көлденең – жолақты бұлшықетке төмен жиіліктегі ауыспалы полярлы интерференциалық токтың әсер етуі.
34	Ридолиз	жімдерді аспапты түрде емдеу рәсімі. Төмен жиілікті модульдеуші (50-200 Гц) және ине секілді электродтармен берілетін Жоғары жиілікті электр тоғы (6000 Гц) көмегімен, дерма қабатына енгізу.
35	Электрмиостимуляция	Бұлшықеттің атрофиясы және босаңсуы, тері тургорының төмендеуі, артық салмақты азайтуда қолданылатын ем.
36	Электрополиз	Нейтралды майлары бар адипозоциттерді электрлік токпен ажырататын аспапты рәсім. Электродтар терінің үстінен немесе теріішілік болуы мүмкін. Целлюлитті емдеуде қолданылады.



Шаштараздарды, косметологиялық орталықтарды, сұлулық салондары орналастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

- ▶ Шаштараздар мен косметологиялық орталықтарға, сұлулық салондары жер бөлуді таңдағанда, құрылысы жобаланғанда немесе құрылысында өзгерістер қарастырылғанда және оларды пайдалануға беру мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің органдарының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болған жағдайда жүргізіледі.
- ▶ Шаштараздар мен косметологиялық орталықтарға, сұлулық салондары жеке тұрған ғимараттарда, сондай-ақ, тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың ішінде немесе оған жапсарласа салынған үй-жайда орналастыруға болады. Мұндайда тұрғын үй пәтерлеріне кіруге бөгет жасамайтындай етіп, кіретін есігі жеке болып, дыбыс өткізбейтіндей жағдай жасап, арнайы иістер мен газдар үй-жайға таралмауы үшін желдету құбырын үй төбесінен жоғары шығару қажет.

- ▶ Мұндай объектілерді орналастыруға ғимараттардың жертөлесін және жартылай жертөлесін пайдалануға болмайды.
- ▶ Бұл нысандарда косметикалық, парфюмериялық дәрмектер ретінде Қазақстан Республикасының пайдалануға рұқсат етілген заттар пайдаланылады.

Үй-жайларға және құрал-жабдықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

- ▶ Ұйымның құрылымына және құрал-жабдықтарына қойылатын нормативті талаптар қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерін сай болуы керек.
- ▶ Бұл нысандарда мынандай үй-жайлар қарастырылуы керек: кіреберіс, еркектерге, әйелдерге арналған зал, таза заттарды сақтайтын орын. Қолданыста болған заттар мен жуып жинау заттарына арналған үй-жай, қолжуғышпен жабдықталған қызметкерлерге және келушілерге арналған дәретхана бөлмесі. Маникюр мен педикюр жұмыстарын жүргізу үшін арнайы кабинет бөлініп, немесе зал ішінен маникюр жасау үшін жұмыс орны бөлінеді

- ▶ Татуаж, пирсинг және басқа да адам терісіне нұсқан келтіретін косметикалық, косметологиялық жұмыстар көлемі 12 м^2 кем емес, ыстық және суық келтірілген, бактерияларды өлтіретін шаммен, бумен стерилденетін шағын стерилизаторлармен және құрал-саймандарға стерильдеу алдында өтетін тазалау және зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізетін сыйымдылықтармен жабдықталған және үй-жайлары орындалуы керек.
- ▶ Сәуле көздерімен қақтайтын орын жеке үй-жайларында орналасып, егер аз ғана мөлшерлі жерді сәуле көзімен қақтайтын болса, оның көлемі 6 м^2 кем болмай, ал денені сәуле көзімен жалпылай қақтағанда оның мөлшері 12 м^2 болмауы керек.

- ▶ Жұмыс орындары параллельді түрде орналасқанда қатар арасының алыстығы 5 м, креслолардың арасы 1,8 м болып, шеткі қабырға мен креслоның арасы 0,7 м болуы қажет.
- ▶ Жұмыс залында әрбір 3 жұмыс орны ыстық және суық су әкелінген 1 раковинамен (бақалшақ), ал әрбір "Туалет орны" жеке раковинамен, педикюрге арналған кабинет аяққа арналған ваннамен, қол жууға арналған раковинамен жабдықталуы керек.
- ▶ Маникюр жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыс орнында үстел шамы орналасқан, келушілердің қолына сүйеу болатын, үсті гигиеналық тұрғыдан таза затпен жабылған жастықша қойылатын үсті жылтыр шыны немесе пластикпен жабылған үстел болуы керек. Маникюр жасайтын үстелдің қасында келушілердің қолын жуу үшін ыстық және суық су келтірілген раковинамен жабдықталуы керек.

- ▶ Косметикалық, маникюрлік, педикюрлік кабинеттерде келушілер отырғанның өзінде ауаны зарарсыздандыратын жабық ультракүлгін сәуле көздері қарастырылуы керек.
- ▶ Нысандарда Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген құрал-жабдықтарды пайдалану керек. Жұмыс орнындағы инфрақызыл, электромагнитті, шу, лазерлік сәуле көздерінің деңгейі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай болуы керек.

- ▶ Нысандардағы жиһаздар жеңіл тазаланып, оңай зарарсыздандырылатындай болуы керек.
- ▶ Терезелерге ілінетін перделер мен кабина арасын бөлетін шымылдықтар ақ түсті оңай жуылатын материалдардан жасалынуы керек. Портьерлік кездемені қолдануға болмайды.
- ▶ Балаларға арналған креслолар олардың жасы мен бойына сай келуі керек.
- ▶ Нысандардағы қосалқы бөлмелер ыстық және суық суға қосылған балшықтармен, шаш пен құрғақ қоқыстарды жинауға арналған ыдыстармен жабдықталуы қажет.
- ▶ Сақтау орындары таза төсек әбзелдері мен парфюмерияны сақтауға арналған және белгі салынған сыйымдылықтармен жабдықталуы керек. Таза және қолданыста болған заттар бөлек орындарда сақталынады. Қызметкерлерге арналған киім ілгіштер үй киімі мен жұмыс киімін сақтау үшін бөлек болуы керек.

- ▶ Нысандарда 3 орынға дейін жұмыс орны қарастырылғанда терезе көздері, фрамугтер арқылы табиғи жолмен желдетуге болады. Егер жұмыс орны 3 көп болса, онда желдетудің сорып шығаратын механикалық жолы қарастырылады.
- ▶ Мұндай нысандардың барлық үй-жайларында табиғи және жасанды жарық көздері қарастырылуы керек. Маникюрлік, педикюрлік кабинеттердегі табиғи жарықпен жарықтандырудың ең кіші коэффициенті 1,5 үлес (бұдан әрі - %) құрап, басқа өндірістік үй-жайларда ол 1% кем болмауы керек. Жалпы өндірістік үй-жайлардағы жасанды жарық көздері үшін люменесцентті және қыздыру шамдарын қолданады. Маникюрлік және педикюрлік кабинеттердің жұмыс орындарында жалпы жарықтандыру көздерімен бірге жергілікті жарықтандыру көздері болуы керек. Жұмыс орындарының жарықтандырылуы қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелері талаптарына сай болуы керек.

- ▶ Егер елді мекенде орталықтандырылған су көзі болмаса, жекеленген су көздерін пайдаланып немесе суды тасымалдап әкелу керек. Тасымалдап әкелінген суды сақтау үшін сыйымдылығы керекті қарастырып, соны пайдалану керек.
- ▶ Суды сақтауға арналған сыйымдылықтар 10 күнде 1 рет тазаланып, жуылып, зарарсыздандырылуы керек. Сыйымдылықтарды залалсыздандырылып және зарарсыздандыру үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген зарарсыздандырғыш заттарды пайдалану керек.
- ▶ Нысанға берілетін суға қойылатын талаптар қолданыстағы стандарттарға және НҚА-ның талаптарына сай болуы керек.
- ▶ Елді мекенде орталықтандырылған канализация жүйесі болмаса, онда жергілікті канализация қарастырылсын.
- ▶ Егер жылумен қамту жүйесі пешті қыздыру арқылы қамтамасыз етілетін болса, онда от жағу орнын қосалқы үй-жайларда орналастыру керек.

Зарарсыздандыруға және стерилизациялауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

- ▶ Әрбір жұмыс орнында кәдеге жаратылуы тиіс бір рет қолданылатын құрал-сайман немесе көп рет қолданылатын құрал-сайманның 3 жиыны көзделеді. Маникюрге, педикюрге, қырынуға, косметикалық рәсімдерге арналған барлық көп рет қолданылатын құрал-сайман дезинфекциялануы және стерилденуі тиіс. Дезинфекциялау мен стерилденуі үшін Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген құралдар пайдаланылады.
- ▶ Тырнақтарды тазалап, жылтырату үшін қолданатын шәшкелер, аяққа арналған ванналар, қысқыштар, бигудилер әрбір келушіден кейін механикалық жолмен тазартылып, жуғыш заттар қосылған жылы суда шөткемен жуылып, шашты бұйралау барысында қолданылатын торлар мен жаппалар әрбір қолданыстан кейін жуылуы керек. Сақалды қыруға керекті құралдар бір рет пайдаланатын құралдар түрінде болуы керек. Сақал шөткелері әрбір қолданыстан кейін зарарсыздандырылуы керек.
- ▶ Керекті құрал-жабдықтар жұмыс орнындағы шкафтың суыrmасында сақталады. Маникюр мен педикюрге арналған құралдар жұмыс барысында стерильдеуден өткен кездегі ыдысында болмаса, қорабында сақталуы керек. Әрбір келуші үшін жеке құралдар жиынтығы қарастырылуы керек.

- ▶ Қызмет көрсету барысында әрбір адамды таза алжапқышпен жабу керек. Қырқылған шашты мойыннан, беттен алып тастау үшін таза сүртпелерді қолданып, көпіршікті жөке мен түбітті көп рет қолдануға болмайды.
- ▶ Әсемдеу косметикасын бетке жаққанда 1 рет қолданылатын (күрекше, кішкене жастықшалар мен жұмыс түйіндерді, қыл қаламдарды) заттарды пайдалану керек. Ерін бояулары, түсті қарындаштар әрбір адамнан соң қайтадан ұшталынып немесе ұшы кесілуі керек. Тушь, опа бетке 1 рет пайдаланатын қыл қаламдар арқылы жағылады.
- ▶ Шаштараздар мен косметологиялық орталықтар алғашқы медициналық көмек көрсететіндей дәрі-дәрмегі бар дәрі қобдишаларымен жабдықталуы керек. Терінің және шырышты қабықтарының тұтастығы бұзылуымен байланысты косметологиялық рәсімдер кезінде пайдаланылатын көп рет қолданылатын құрал-саймандар пайдаланылғаннан кейін алдын ала және стерилдеу алдында тазалануы, стерилденуі, дезинфекциялануы және кейіннен микроорганизмдердің екінші рет араласуын болдырмайтын жағдайда сақталуы тиіс.

Қызметкерлердің жеке басының гигиенасын сақтауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

- ▶ Әрбір жаңа адамға қызмет көрсетерден бұрын кабинет қызметкері қолын сабындап жуу керек.
- ▶ Бұл нысанның қызметкерлері жұмысқа алынар алдында және кезеңді медициналық тексерістерден өтулері керек, Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар анықтаған арнайы гигиеналық дайындықтан өтулері керек.
- ▶ Әрбір жұмыскерде жеке медициналық кітапшасы болуы керек, онда барлық медициналық тексерістерінің қорытындысы жазылып, гигиеналық тұрғыдан оқығаны туралы мәліметтер болуы керек.
- ▶ Ұйым қызметкерлері жеке орамалмен қамтамасыз етіліп, арнайы киіммен, резеңке қолғаппен жабдықталуы керек. Жұмыскерлер тері қабаттарының тұтастығын бұзу арқылы косметологиялық және косметикалық рәсімдерді, сондай-ақ парентеральдық рәсімдерді (инъекция, тесу, операция және басқалар) және қолғапсыз орындау әртүрлі аурулардың дамуын болдыруы мүмкін басқа да манипуляцияларды жүргізу кезінде қолғап пайдалануы қажет.

Қорытынды

- ▶ Өзін-өзі әдемілеу көне заманнан келе жатқан өнердің бір түрі. Археологиялық және этнографиялық зерттеулердің нәтижесінде б.з.б 2000жыл бұрын Мысырда косметика қолданыста болғаны дәлелденді.
- ▶ Өткен жүз жылдықтың 60 жылдары косметика мықты негізін қалап, гигиеналық талаптарға сай, ғылыми тұрғыда дами бастады. XIX ғасырда Ресейде парфюмерлік өндірістер негіздері қалана бастады, кейіннен косметикалық кабинеттер мен институттар және косметикалық емханалар ашыла бастады.

Қолданылған әдебиетер

- ▶ «Коммуналдық гигиена» М.С.Шабдарбаева, С.Қ.Омаров
- ▶ www.google.com
- ▶ Adilet.zan.kz
- ▶ Online.zakon.kz

Назарларыңызға рахмет!!!